

Ступинка негізгі мектеп директоры:

Ергалиева С.К.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары 2023-2024ж

МАҚСАТЫ:

1. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;
2. Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;
3. Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: 1.Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру.Оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді, ертегілерді оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады, ертегі туралы шағын әңгіме жазады.

1. Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.
2. Орта буын сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын,оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.
3. Жоғарғы сынып оқушыларын әдеби - классик жазушылардың шығармаларын оқуға тату, оқыған кітабын жарнамалауға,насихаттауға дағдыландыру.

«БАРЛЫҚ ПӘНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУ»

МАҚСАТЫ: Оқушыларды кітап оқуға , оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, маңызын ашу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: Оқушылардың оқу дағдысын, сауаттылығын қалыптастыру. Ертегіні оқи отырып қиялдайды, ертегі туралы шағын әңгіме жазып келеді, сурет салады, ермексаздан ертегі кейіпкерлерін бейнелеп береді.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушыларына үзіліс кезінде бір мезетте ертегілер ұйымдастыру.	Оқу марафоны	1,4 сыныптар	Қазан 1 апта	16:15-17:25

--	--	--	--	--	--

«Еркін оқу кеңістігі» (20 минут оқыда, 3-минут эссе жаз)

Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру. Кітап оқуға басшылық жасау.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру. Тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	Кел, бірге оқиық! «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқуы)	Кітап оқу акциясы	1-4 сыныптар	Қазан 2апта.	10:05-10:20
			5,6,7,8,9 сыныптар	Қазан 2 апта	11:05-11:20

«Кітаппен өткен демалыс күнім қызық» марафон.

Мақсаты: Жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының озық көркем шығармаларын насихаттау, каникул уақытында бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлердің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
	«Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты»	Күгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезінде қашықтан кітап оқу	1-9 сыныптар	Қараша.	1:25-10:35

«Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing

Мақсаты: Мектеп кітапханаларының қорын заманауи кітаптармен толықтыру.

Күтілетін нәтиже: Кітапхана фойесіндегі кітап сөресінде көркем әдебиеттер жинақталады. Әр оқушы өзіне ұнаған кітабын сөреден алып оқиды. Әр оқыған оқырман өзінің оқыған кітабын жарнамалайды.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
--	-------------------	---------------	--------	-----------	--------

			1-9 сыныптар	Желтоқсан	15:25-15:35
--	--	--	-------------------------	------------------	--------------------

«Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту» (Бір сынып-бір кітап) флешмоб

Мақсаты: Әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқу. Кітап оқуға басшылық жасау.

Күтілетін нәтиже: Білім алушылардың сыныбымен таңдап алған кітаптарын түгел оқуға шақыру. Сыныппен оқыған кітаптарын, кітап кейіпкерлері болып жарнамалау.

Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
«Бір сынып-бір кітап»	Флешмоб	1-9 сыныптар	Қантар	15:25-15:35

«Әдеби Ақжайық» жобасы.

Мақсаты: Жерлес ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау. Оқу мәдениетін дамыту және қолдау, кітап оқу мәдениетін жетілдіру. Кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру, елжандылыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: Ақжайық өңірінің ақын-жазушыларының шығармаларын сүйетін, дәріптейтін тұлға тәрбиеленеді.

Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
«Әдеби Ақжайық»	Дөңгелек үстел	5-9 сыныптар	Ақпан	16:15-17:25

«Отбасылық оқудың дәстүрлері»

Мақсаты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Отбасымен бірге кітап оқу. Кейіпкерлердің суретін салу. Ынталандыру 8(сыйлық беру)

Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1 «Бір отбасы-бір кітап»	Акция	1-9 сыныптар	Наурыз	16:25-17:35

«Оқырман отбасы» онлайн байқау.

Мақсаты: Отбасы оқуларын қолдау және жаңғырту бағытындағы өскелең ұрпақты оқу мәдениетіне тәрбиелеу. Оқушылармен ата-аналарды кітап оқуға тарту.

Күтілетін нәтиже: Отбасымен Тәуелсіздіктің 30-жылдығына «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында тандалған 30 шығармаларын оқу. Оқыған кітаптары бойынша жоба қорғайды.

Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
-------------------	---------------	--------	-----------	--------

1	«Ақжайық өңірінің оқырман отбасы»	Байқау	1-9 сыныптар	Сәуір	16:25-17:35
---	-----------------------------------	--------	--------------	-------	-------------

«Оқу уақыты» (Өзін оқып, өзгеге ұсын) READx book жобасы.

Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітап оқуды насихаттау.

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Өзін оқып, өзгеге ұсын»	READx book	1-9 сыныптар	Мамыр	16:25-17:35

Орындаған мектеп кітапханашы: Рамазанова Д.З

«Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing анықтамасы

Мақсаты: Мектеп кітапханаларының қорын заманауи кітаптармен толықтыру.
Күтілетін нәтиже: Кітапхана фойесіндегі кітап сөресінде көркем әдебиеттер жинақталады. Әр оқушы өзіне ұнаған кітабын сөреден алып оқиды. Әр оқыған оқырман өзінің оқыған кітабын жарнамалайды

"Оқы және өзгеге сыйла" атты буккроссинг акциясы мектеп кітапханасында мұғалімдер мен оқушылардың ат салысуымен өткізілді. Бұл акцияның негізгі мақсаты - мектеп кітапханасындағы кітап қорын молайту және байыту. Сонымен қоса игі іс жасау, яғни өзіңіздің сүйіп оқыған кітабыңызды басқа да оқырмандармен бөлісіп, оларға да түрлі жанырдағы кітаптарды оқуға мүмкіндік беру. Акцияға берілген кітапты алған оқырман өзінің қаншалықты кітапқа жауапты екенін білу қажет. Кез келген оқырман " Оқы және өзгеге ұсын" кітап көрмесінен ұнаған кітабын таңдап, сыйға алып, оқып, кейін досына, танысына, кітап сүйер оқырманға ұсынуға болады. Ұсынылған кітаптарды кері қайтару оқушылардың негізгі жауапкершілігі болып табылады. Мектебімізде бір апта бойы осы акцияға барлық сыныптар қатысты. Мектеп оқушыларына ұнаған көркем әдеби кітаптар болды. Балалармен әңгімелесе отырып, бастауыш сыныптарындағы оқушылар ертегі, Отан туралы және табиғат аясындағы кітаптарды оқуға алды.

Кітапханашы Рамазанова Д.З.

Кітаппен өткен демалыс күнім қызық»

Анықтама

Мақсаты: Жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының озық көркем шығармаларын насихаттау, каникул уақытында бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлердің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау

Кітапханада демалыс уақытында балаларды кітап оқуға тарту мақсатында «Кітаппен өткен демалыс күнім» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мұхит толқындарына енген тәрізді, жас оқырмандар «Кітаппен өткен демалыс күнім» атты кітап көрмесінде ұсынылған әдебиеттің әдемі және керемет әлеміне енеді. Өздеріне көптеген қызықты нәрселерді ашады, жаңа әдебиеттер мен танысады, олар Қазақстанның балалар әдебиеті мен әлемдік балалар әдебиетінің ең үздік шығармаларымен таныс болады, сондай-ақ балалардың «Неге?» деген сұрағына жауап алады, әсем безендірілген балалар энциклопедиясымен және ертегілердің сиқырлы және керемет әлемімен танысады. Барлығы 120 кітаптан тұратын кітап көрмесі өз оқырмандарын күтеді.

«Әжемнің ертегілері»
бастауыш сынып оқушыларына үзіліс кезінде бір мезетте ертегілер
ұйымдастыру туралы
Анықтама

МАҚСАТЫ: Оқушыларды кітап оқуға , оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, маңызын ашу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: Оқушылардың оқу дағдысын, сауаттылығын қалыптастыру. Ертегіні оқи отырып қиялдайды, ертегі туралы шағын әңгіме жазып келеді, сурет салады, ермексаздан ертегі кейіпкерлерін бейнелеп береді.

«Аналарымен мен әжелерімен оқуған ертегілері» жаз бойы онлайн режимінде жұмыс істеді. Ол жас және қарт ұрпақтардың ертегі – ойын іс-шараларына қатысуы арқылы шығармашылық байланысын қолдауға, отбасындағы ертегілерді оқу және айту дәстүрлерін жалғастыруға, сонымен бірге ата-әженің отбасындағы рөлін, ең алдымен рухани құндылықтардың аудармашысы ретінде анықтауға бағытталған.

Ертегілер бес минуттан аспайтын шығармаларды: қазақ және орыс тілдеріндегі халық және әлем халықтарының ертегілері, қазақ және шетелдік авторлық ертегілерді өздері таңдап оларды аналарымен оқыды

Қорытынды.

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне

ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс –шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу –тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру.Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу.

«Әжемнің ертегілері»

«Әжемнің ертегілері» жаз бойы онлайн режимінде жұмыс істеді. Ол жас және қарт ұрпақтардың ертегі – ойын іс-шараларына қатысуы арқылы шығармашылық байланысын қолдауға, отбасындағы ертегілерді оқу және айту дәстүрлерін жалғастыруға, сонымен бірге ата-әженің отбасындағы рөлін, ең алдымен рухани құндылықтардың аудармашысы ретінде анықтауға бағытталған. Жобаға қатысушылар бес минуттан аспайтын шығармаларды: қазақ және орыс тілдеріндегі халық және әлем халықтарының ертегілері, қазақ және шетелдік авторлық ертегілерді өздері таңдап оларды немерелеріне оқыды.